



010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Дінмұхамед Қонаев көшесі, 31 ғимарат
тел.: 72-01-14, 72-05-13
202 _____ жылғы _____
№ _____

010000, город Нур-Султан,
улица Динмухамеда Кунаева, здание 31
тел.: 72-01-14, 72-05-13
« _____ » _____ 202 ____ г.

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаттары,
«Nur Otan» партиясының фракция мүшелеріне**

2021 жылғы 1 сәуірдегі №ДС-125 сауалға орай

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі - ҚР СИМ), Оңтүстік Кореядағы қазақстандықтардың заңды еңбек ету мүмкіндіктерін пысықтау шеңберінде қабылданған шараларға қатысты сауалыңызды қарастырып, келесіні хабарлайды.

2014 жылғы 29 қарашадан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы визалық талаптарды өзара жою туралы келісім (бұдан әрі - Келісім) қолданысқа енді. Келісімге сәйкес екі елдің азаматтары туристік, жеке, іскерлік, мәдени және медициналық мақсаттармен Тараптар аумағына визасыз барады және онда 30 күнге дейінгі мерзімде бола алады. Сонымен бірге, жұмысқа орналасуға, оқуға, тұрақты тұруға және миссионерлік қызмет атқаруға баратын Тараптардың азаматтары үшін визалық талаптар сақталады.

Алайда, ҚР азаматтарының басым бөлігі осы жеңілдетілген тәртіпті Оңтүстік Кореяда заңсыз жұмыс істеу мақсатында асыра пайдалана бастады. Атап айтқанда, ҚР азаматтары Кореяның мемлекеттік шекарасынан өткен кезде келу мақсатын турист ретінде көрсетіп, елде заңсыз жұмысқа орналасуда. Бұл отандастарымыздың өзге елде көші-қон тәртібін бұзу екендігін жақсы түсіне отырып, ықтимал қауіп-қатерлерге, одан туындайтын зардаптарға саналы түрде баратындығын көрсетеді. Корея жұмыс берушілерінің заңсыз жұмыс ұсынуы әлеуметтік жауапкершіліктен (салықтар, сақтандыру төлемдері, зейнетақы аударымдары) ауытқу арқылы өндіріс шығындарын үнемдеу мақсатын көздейді, мұның әсері отандастарымыздың құқықтарына нұқсан келтіретіні даусыз.

2020 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Оңтүстік Корея аумағында заңсыз еңбек мигранттары ретінде жүрген қазақстандықтардың саны 8902 адам (2019 жылы – 10 707 адам, 2018 жылы – 11 413 адам).

Осы жағдай Корея билігінің полиция рейдтерін ұйымдастыру, ҚР азаматтарын депортациялау, кіруге рұқсат беруден бас тарту сияқты әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдануына негіз болуда.

Жұмыс күші мәселесі ҚР СІМ-нің тікелей құзыретіне кірмейтіндігіне қарамастан, Министрлік және ҚР-дың Корея Республикасындағы Елшілігі осы мәселені реттеу жолдарын белсенді қарастыруда. Атап айтқанда, Оңтүстік Корея тарапымен тұрақты негізде әртүрлі деңгейде өтетін келіссөздер мен кездесулер, саяси және консулдық консультациялар барысында бұл мәселе ұдайы көтеріледі, сондай-ақ, ҚР азаматтарын БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру жұмыстары жүргізіледі.

ҚР Премьер-Министрі орынбасарының 2020 ж. 10 қаңтардағы тапсырмасына сәйкес, Корея Республикасының **шетелдік еңбек күштерін маусымдық жұмысқа тарту бағдарламасына** (*The Seasonal Worker, бұдан әрі – Бағдарлама*) сәйкес, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (*бұдан әрі – ЕХӘҚМ*) әзірлеген корей тарапының Қазақстан азаматтарын Оңтүстік Кореяның ауыл және балық шаруашылығы саласына маусымдық жұмыстарға тарту жөніндегі ұсынысы осы елдің тиісті мекемелері мен жергілікті провинцияларының әкімшіліктеріне қарастыруға жолданды. Алайда, Оңтүстік Кореяның уәкілетті органдары аталған ұсынысты іске асыруға қызығушылық танытпады. Бұл шешімнің басты себебі - «Covid-2019» індетінің өршуіне байланысты енгізілген карантиндық шектеулер және қазақстандықтардың кәсіптік икемділігі аталған Бағдарламаға енгізілген салаларға (*теңіз балық шаруашылығы, күріш өндіру саласы және т.б.*) сай келмеуі.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылғы 22 қазанда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, ҚР Үкіметіне шетелде еңбек көші-қонында жүрген қазақстандықтардың әлеуетін тиімді іске асыру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау тапсырылды.

Аталған тапсырма шеңберінде, мен 2020 жылғы 25-26 қараша аралығында Сеул қаласында «Орталық Азия - Корея Республикасы» ынтымақтастық форумының 13-ші отырысы аясында Оңтүстік Корея Сыртқы істер министрімен болған келіссөздер барысында корейлік Employment Permit System – EPS («Еңбек рұқсаттары жүйесі» - ЕРЖ) шетелдіктерді жұмысқа орналастыру жүйесіне қосылу мәселесін көтердім және корей тарапы оған жалпы қарсылық білдірмеді.

Аталған ЕРЖ-ге қосылу үшін Кореяның жауапты мемлекеттік мекемелері (*Еңбекмині, Әділетмині, жергілікті атқарушы органдар*) ҚР тиісті мемлекеттік органымен (*ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, ЕХӘҚМ*) жұмыс күшін жалдау туралы негіздемелік келісім жасасуы тиіс. Корейлік тараптың негізгі талабы - Қазақстан Оңтүстік Кореяға еңбек мигранттарын жіберумен айналысатын арнайы мемлекеттік мекемені құруы қажет.

Қазіргі таңда ҚР Президенті Әкімшілігінің тиісті тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет келесі ұсыныстарды қамтыған Жол картасын әзірлеуде:

- 1) ЕХӘҚМ жанынан Көші-қон комитетін құру;
- 2) ЕХӘҚМ платформасында көші-қон ағынын реттеу жөніндегі ақпараттық жүйені әзірлеу, қазақстандық және шетелдік еңбек мигранттарына қатысты барлық ақпараттық жүйелерге тиісті ықпалдастыруды жүргізу;
- 3) Корея Республикасының тиісті мемлекеттік мекемелерімен «еңбек рұқсаттары жүйесіне», сондай-ақ БАӘ және басқа да дамыған елдерге қосылу туралы екіжақты ведомствоаралық келісімнің жобасын әзірлеу.

Алайда, біздің ойымызша, ЕРЖ-ге қосылу қазақстандық еңбек мигранттарының мәселесін түбегейлі шешпейді, өйткені, жүйеге қосылған жағдайда да азаматтардың бір бөлігі ғана еңбек келісімі бойынша ресми түрде жұмыс істейтін болады. Қазіргі уақытта осындай келісімдер Корея Республикасымен 16 ел (*Қытай, Вьетнам, Филиппин, Таиланд, Индонезия, Шри-Ланка, Моңғолия, Өзбекстан, Камбоджа, Бангладеш, Пәкістан, Непал, Мьянма, Қырғызстан, Шығыс Тимор, Лаос*) арасында жасалған. Бұл келісімдердің көпшілігіне 2004-2008 жылдар аралығында қол қойылған. Соңғы жылдары корей тарапы бұндай келісімдерді басқа тараптармен қол қоюдан бас тартуда.

Жүйе бойынша жыл сайынғы бөлінетін жалпы квота 50 мың орын болса, бұл әр елге бөлінетін орын саны 3 мың шамасында екенін көрсетіп тұр (*орындарды бөлу пропорционалды түрде жүргізілмейді*). Статистикалық деректерге сәйкес Корея Республикасында ең көп заңсыз мигранттар осы мемлекетпен «еңбек рұқсаттары жүйесі» бойынша келісім жасасқан елдердің азаматтары болып табылады.

Корея аумағында заңсыз жүрген шетел азаматтары туралы статистикалық ақпарат

(2020 жылдың шілдесіндегі жағдай бойынша)

Мемлекет	Заңсыз еңбек мигранттарының саны	Заңсыз жүрген шет елдіктердің жалпы санындағы пайыздық мөлшері	Кореядағы заңсыз еңбек мигранттарының жалпы саны
Таиланд	138 591	29%	321 606 адам
Қытай	71 070	20%	
Вьетнам	42 056	11,8%	
Моңғолия	15 919	4,4%	
Филиппин	13 020	3,6%	
Ресей	10 906	3%	
Қазақстан	10 228	2,8%	
Индонезия	8 058	2,2%	
Өзбекстан	5 890	1,6%	
Камбоджа	5 868	1,6%	

2021 жылғы мамырдан бастап Корея Республикасының Әділет министрлігі визасыз тәртіп орнатқан елдерден келетін шетелдіктер үшін

Кореяға кіруге электрондық рұқсат беруді көздейтін пилоттық жобасын іске қосуды жоспарлап отырғанын айту қажет. Ережеге сәйкес, туристер алдын-ала «IOS» және «Google Play» мобильді құрылғыларына арналған қосымшалар немесе веб-сайт арқылы жеке және жұмыс сапарына қатысты ақпаратты алдын-ала ұсыну тәртібі енгізілуде.

Сонымен қатар, сарапшылардың пікірінше, қазақстандықтардың шетелге еңбек көші-қоны ауқымын азайту үшін елімізде жаңа жұмыс орындарын, оның ішінде заман талабына жауап беретін, заманауи технологиялармен жабдықталған өндіріс орындарын ашу, жаңа ғылыми-зерттеу орталықтарын құру, адам капиталын тиімді пайдалану үшін тиісті бағдарламалар қабылдау және т.б. шараларды қолға алу қажет.

Депутаттық сауалға жауап ретінде жолдануда.

Министр

М.Тілеуберді